

## Май алдындағы социалистік жарыс

Отанымыздың еңбекшілері Бірінші Май мерекесін Кеңестер Одағының колбасшы Сталин жолдастың дана басшылығы арқасында батыр Кызыл Армияны мемлекеттік шекара – Прут өзенінен өтіп, неміс – фашист басқыншыларына Румыния, Чехословакия жерінде соққы беріп жатқан күндерінде қарсы алып отыр. Фашист басқыншылардың біржолата талқандалып, кеңес жерінің сағаты жақындап келеді.

Еңбекшілердің жауынгерлік күшін байқайтын күн – 1 Май мерекесін көрнекті табыстармен қарсы алу үшін Отанымыздың еңбекшілері 1 Май алдындағы социалистік жарысты кәсіпорындарында, заводтарда, фабрикаларда кең өрістетіп түсте жарыста алған міндеттемелері асыра орындап, Кызыл Армияға қару-жарақты, азық-түлікті көп беруде. Бүкіл Кеңестер Одағының еңбекшілермен бірге Степняк қаласының еңбекшілері де 1 Май мерекесі алдындағы социалистік жарысты өрістетіп отырып, мерекені өндірістік табыстармен қарсы алды. Степняк руднигі 25 апрель күні 4 айлық металл өндіру планын 124,3 процент орындады. Әсіресе, май алдындағы социалистік жарыста көрнекті табыстарға не болған коллектив-Степняк старатель секторы болды. Степняк старатель секторы 25 апрельде 4 айлық металл өндіру планын 116 процент орындады. Ремонт-механика заводы 25 апрель күні 5 айлық планын 107,25 процент орындады.

Көптеген жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер жан қиярлықпен еңбек етудің үлгілерін көрсітті. III-Интернационал атындағы шахтаның бұрғышысы Горлов жолдас апрель айының 20 күндік планын 474 процент, Прошин 271 процент, клаймаксер Нұрышев 270 процент, Полиенко 254 процент, Асеев 224 процент, Адиянов 216 процент, ремонт-механика заводының токарі Суханов 4 айлық планын 214 процент, Головлев 224 процент, Қазақ ҚСР XX жылдығы атындағы артельдің бұрғышылары Шулумбаев, Омаров, отгребщица Олунцова 132-155 проценттен орындады. Осылар сияқты екі-үш жүзшілердің саны күн санап өсуде.

Қаламыздың кеншелері, 1 Май алдындағы социалистік жарыста қол жеткен табыстарымызды баянды ете отырып, Отанымыз бен майданға

● Бұл—біздің тарих металды көп беру үшін еңбек өнімін бұдан да көрі арттыра түсейік.  
(«Социалистік құрылыс» № 16 1 мамыр 1944 жыл).

## Міндеттемелері асыра орындады

III-Интернационал атындағы шахта жанынан құрылған комсомол-жастар бригадалары 1 Май мерекесін өндірістік табыстармен қарсы алуға міндеттенген болатын. Комсомолецтер бұл алған міндеттемелерін асыра орындады.

Комсомолка Костева жолдастың бригадасы 25 апрель күні 4 айлық металл өндіру планын 147 процент, Эфееваның бригадасы 130 процент, Редрованың бригадасы 131, Кротованың бригадасы 136 процент орындады «Красная звезда» промартелінің тігін цехы Май мерекесін 25 апрельде айлық планы 100 процент орындаумен қарсы алды. Тігінші Нурадилова, Тенизова, Мустафина жолдастар айлық планын 128-150 проценттен орындады.

(«Социалистік құрылыс» № 16 1 мамыр 1944 жыл).

## Қуанышпен қарсы алды

Яблонька көмір шахтасының коллективі Мемлекеттік Үшінші Соғыс Қарызын шығару жөніндегі үкімет хабарын аса зор қуанышпен қарсы алды. Мемлекеттік Үшінші Соғыс Қарызын шығару жөніндегі үкімет хабарын аса зор қуанышпен қарсы алды.

Мемлекеттік Үшінші Соғыс Қарызына жазылу митингінде шахта забойщиктері Бірімжанов, Бужинский, Сулейменов жолдастар сөйлеп, қарызға 3,5 айлық еңбек ақыларына жазылды. Забойщиктерден үлгі алған майдандағы жауынгердің әйелі Цикла және Нечай, Баранникова, атшы Габченко жолдастар 4 айлық еңбек ақыларына жазылды. Шахта коллективі барлығы 87 500 сомның Мемлекеттік Үшінші Соғыс Қарызына жазылды.

(«Социалистік құрылыс» № 18 12 мамыр 1944 жыл).  
Еңбекшілер аудары мұрағатының газет материалдарынан.

## «Жаңа дәуір — Сельская новь» газетінің редакциясы ЖШС

48-г  
р  
оғамдық  
ерілген  
ТЪЯНЦЕВ  
bleg.ru

Мекен-жайы: 020700, Ақмола облысы,  
Степняк қаласы, Уәлиханов көшесі, 3 үй.  
Редакция тел.: 2-15-71, 2-19-63.

Жарнамалар мен хабарландырулардың  
мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Жауапты хатшы Р. АЗНАБАЕВА

Газет «Көкше-Полиграфия» АҚ-да хатталып, басып  
шығарылды. Мекен-жайы: Көкшетау қаласы,  
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Офсеттік тәсілмен басылған,  
көлемі 1 баспа табақ.

Таралымы 621 дана, тапсырыс № 1674  
Индексі: 65652